

**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

## **Қордағы қаржы құтаймай барады... Дағдарыстан сабақ алу қажет**

Бюджеттің кем-кетігін жабу үшін Ұлттық қорға қайта-қайта қол сала беру әдетке айналды. Бұған дейін Ұлттық қордағы қаражатқа тәуелділіктен арылу туралы бастама бірнеше рет көтерілді. Бірақ сәуірде қор тағы 200 миллиардқа – 28,8-ден 28,6 триллион теңгеге дейін қысқарды. Шөміш ұстаған шенділер қазанның түбіне қарамайтын секілді...

### **Қор ақшасына қашанғы қол сұғамыз?**

Ұлттық қор активтері 2014 жылы 77,2 млрд доллар белесіне көтеріліп, шырқау шегіне жеткен еді. Қазір сол деңгейден 24,4 пайызға, яғни 18,8 млрд долларға дейін азайып кетті. Тәуелсіз сарапшылар ғана емес, депутаттар да қор қаражатын жұмсаудың тетіктері айқын емес, бұлыңғыр екенін жиі айтады. 2023 жылы Ұлттық қор баламалы құралдары портфелін басқарудың инвестициялық стратегиясы бекітіліп, қор активтерін «дәстүрлі емес баламалы құралдарға» инвестициялау көзделген. Оның қандай нәтиже әкелгені 2028 жылы 5 жыл қорытындысы бойынша кірістілікке аралық бағалау жүргізілгенде белгілі болады. Ал әзірге жаңа стратегия да ескі проблемалардың сүрлеуінен шыға алмай жүр.

«2008 жылғы әлемдік қаржы дағдарысы мен қор нарықтарының құлдырауынан кейін Ұлттық қордың жинақ портфелін басқару тәсілдері консервативті қағидаттарға негізделді. Активтерді сақтау мақсатында портфельде дамыған елдердің облигациялары басым болып, үлесі 80%-ға жетті, ал акциялардың үлесі төмен, 20% ғана болды. Салдарынан кейінгі 10-15 жылда Ұлттық қор активтерін басқарудан алынған кірістілік әлемдегі ұқсас бірқатар тәуелсіз әл-ауқат қорының табысынан әлдеқайда төмен болды. Мысалы, Норвегияның зейнетақы қорынан көп артта қалды», делінген тұжырымдамада.

Ұлттық банк деректерінде айтылғандай, Ұлттық қордың 2000-2022 жылдардағы орташа табысы 3,02 пайыз, кейінгі 20 жылдағы шетел валютасындағы активтерді басқарудан түскен инвестициялық кірісі 15,1 млрд долларды құрапты. Қаржы министрлігінің дерегінше, қордан 2010 жылы 1,2 трлн теңге трансферт алынған. 2015 жылы бұл көлем екі есе өсіп, 2 трлн 468 млрд теңге болды. 2017 жылы – 4 трлн 421 млрд теңге, 2020 жылы – 4 трлн 785 млрд теңге, 2021 жылы 4 трлн 519 млрд теңге шығындалды. Биылғы шығысы да осыған шамалас. Ұлттық қор трансферттерін 2 триллионға төмендету жоспары бізден алыстап бара жатыр деген қауіп бар.

Наурыз айының соңындағы көрсеткіш бойынша Ұлттық қорда 28,8 трлн теңге болған еді. Бір ай ішінде қор қаражаты 200 млрд теңгеге қысқарған. Еске салсақ, 1 қаңтарда Ұлттық қордағы қаражат көлемі 29,1 трлн теңге болған еді. Ал наурыз айында мақсатты трансферттер үшін Ұлттық қордан 411 млрд теңге алынды. Сәуір айында да дәл осындай сомада мақсатты трансферттер бюджетке аударылды.

2024 жылдың басынан бері Ұлттық қордан 1,9 трлн теңге қаражат алдық. Кепілдік берілген трансферттер 1,5 трлн теңгені құрады. Бір ай ішінде бюджетке кепілдік берілген трансферттер көлемі 480 млрд теңге болған. Қорды басқаруға, жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу шығынына жыл басынан бері 5,2 млрд теңге жұмсалыпты. Наурыз айында бұл көрсеткіш 1,6 млрд теңге болған. Яғни қордың осы мақсаттағы шығындары да бір ай ішінде 3,5 млрд теңгеге ұлғайған.

### **Биылғы шығын да біршама...**

Сарапшылар биыл Ұлттық қордан бюджетке аударылатын трансферттер көлемі ұлғаюы мүмкін екенін айтқан. Ұлттық банктің дерегінше, Ұлттық қордан қаңтар айында – 1,05 млрд доллар валюта, ақпан айында – 609 млн доллар, наурыз айында – 700-800 млн доллар, сәуір айында 1, 06 млрд доллар валюта сатылған. Бұл қаржы республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз етті. Ал мамыр айында бас банк Үкіметтің алдын ала өтініміне сай, Ұлттық қордан 750-850 млн долларға дейін валюта сатуды жоспарлап отыр.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осыған қатысты бірнеше рет тапсырма берді. Тапсырма қалай орындалып жатыр?» деген сауалды Ұлттық экономика министрлігіне (ҰЭМ) қойып, төмендегі жауапты алдық.

Министрліктің мәлімдеуінше, мемлекеттің салық-бюджет саясатының, Ұлттық қорды қалыптастыру және пайдалану саясатының бағдарлары Мемлекеттік қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасымен бекітілді. Салық-бюджет саясаты бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін төмендетуді, оның сыртқы факторларға тұрақтылығын арттыруды қамтамасыз ету үшін бюджеттің мұнай емес тапшылығы деңгейін 2030 жылы ІЖӨ-нің 5%-на дейін біртіндеп төмендетуге бағытталған.

«Бюджеттік қағида контрциклді сипатқа ие және Халықаралық валюта қоры сарапшыларының оң бағасын алды. 2023 жылдан бастап Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт мұнай секторынан Ұлттық қорға түсетін түсімдер көлемінен аспайтын мөлшерде айқындалады. Осылайша, белгіленген кесімді бағаны ескере отырып, Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт мөлшері 2022 жылғы 4,0 трлн теңгеден 2023 жылы 2,2 трлн теңгеге дейін, 2024-2026 жылдары жыл сайын 2,0 трлн теңгеге дейін төмендеуде», дейді ҰЭМ өкілдері.

Ұлттық қордан ірі көлемде қаражат алғанның арқасында, қазір теңге бағамы тұрақты болып тұр. Тіпті кейінгі айда біршама нығайды. Сарапшылар бұл инфляцияға оң әсер ететінін айтады. Алайда күшті валюта бағамы Үкіметтің қордан түсетін трансферттерді азайту жоспарына қауіп төндіреді. Ел билігі биыл 3,6 трлн теңге трансферт бөлінеді деп жоспарлаған. Былтыр ұлттық компания акциясын сатып алуды қосқанда, Ұлттық қордан жалпы 5,3 трлн теңге шығарылған. Ал

2024 жылдың қаңтар-наурыз айларында Ұлттық қордан 1,4 трлн теңге жұмсалып қойды.

Оған қоса, бірінші тоқсанда негізгі салық жинау жоспары орындалмаған. Су тасқыны салдарын жоюға кететін үлкен шығындармен қатар, салықтың кем түсуі Үкіметті жыл соңына дейін Ұлттық қордан көбірек қаржы алуға мәжбүр етуі мүмкін. Қордан көбірек қаржы алу өз кезегінде ІЖӨ өсімі, теңге бағамы, инфляция мен базалық мөлшерлемеге әсер етеді.

### **Тығырықтан шығудың жолы қандай?**

Экономист Мұрат Темірхановтың айтуынша, бізге контрциклдік фискалдық саясат қажет. Ол экономиканың құлдырауы кезінде Ұлттық қорды пайдалануды арттыруды, ал өсу кезінде керісінше азайтуды көздейді.

Сарапшылардың айтуынша, осы уақытқа дейін бірнеше дағдарысты еңсергенімізбен тастасақ та, кем-кетіктеріміз мемлекеттік деңгейде сараланбады. 2008 жылы басталған дағдарыстың ықпалынан әлі толық айығып шықпағанымызды қазіргі жағдайлар дәлелдеп тұр. 2015 жылдан бері еліміз орташа табыстың тұзағына түсіп, одан шығуымыз да қиындап барады.

Экономистердің айтуынша, тығырықтан шығудың амалы – экономиканың барлық сегментінде бизнес субъектілерінің пайда болуына мүмкіндік беру. Себебі жағдай бақылаудан шығып барады. 2015 жылдардан бері Ұлттық қорға түсіп жатқан түсімнен шығынымыз басым болды. Қажеттіліктеріміз табысымыздан асып кетті. Сондықтан жаңа ережеге сәйкес, 2023 жылдан бастап кепілдендірілген трансферт мөлшері мұнай секторынан Ұлттық қорға түсетін болжамды кірістерден аспайды.

Мұрат Темірхановтың есебіне сүйенсек, экономикалық өсу кезінде Ұлттық қордан аударылатын трансферттер 2,3 триллион доллардан аспауы керек. Себебі ішкі қаржыландыруға тәуелділіктің артуы, қарыздар бойынша шығындардың шектен шығып кетуі қарызға қызмет көрсету және өтеу шығындарының өсуіне әкелуі мүмкін. Әлемдік рейтинг агенттіктері қазірдің өзінде шығындар өсе берсе, онда несиелік рейтингімізді төмендететінін ескертіп отыр.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қорды жұмсауға шектеу қою керек дегенде, дәл осы контрциклдік бюджет ережесін меңзеп отыр», дейді Мұрат Темірханов.

Экономист қазір геосаяси жағдайға қарамастан, мұнай бағасы жоғары болып, біздің ішкі жалпы өнім өсімі жыл сайынғы көрсеткіштен 4 пайызды құрағанын, яғни экономика өткен жылмен салыстырғанда қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Демек бюджет шығыстары мен Ұлттық қордан түсетін трансферттердің өсуін тоқтататын сәт келді. Бірақ бұл жолы да мүмкіндікті пайдалана алмай отырмыз.

«Қазір мұнай бағасы құбылып тұр. Жаһандық нарық 80 доллардан ұзай алмады. Brent маркалы мұнайдың рекордтық максимумы 2008 жылғы 4 шілдеде тіркеліп, әр бөшкесі 143,9 доллардан бағаланыпты. Сол қымбат ресурс дәуірі артта қалды. Бүгін барреліне 80 доллардан асып тұрған мұнайдың күні ертең 40 долларға дейін төмендеп кетпеуіне ешкім кепілдік бермейді. Егер осы баға үш жыл бойы сақталса, Ұлттық қорда тіпті зейнетақы төлеуге де ақша қалмайды, өйткені біз жақсы уақытта Ұлттық қордың ақшасын жұмсап тастадық, жинаған жоқпыз. Макроэкономикалық тұрақтылық тұрғысынан Қазақстан үшін үлкен тәуекелдер бар», дейді Мұрат Темірханов.

Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ